

Бекітемін:
«Ғабит Мүсірепов атындағы
№ 43 орта мектеп» КММ директор м.а.
И.В.Золотилина



**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ
«Петропавл қаласының білім бөлімі» КММ
«Ғабит Мүсірепов атындағы № 43 орта мектеп» КММ қызметінде
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
талдамалық анықтама**

2023ж. 05.01
Петропавл қ.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Петропавл қаласының білім бөлімі» КММ «Ғабит Мүсірепов атындағы №43 орта мектеп» КММ-де жұмыс тобы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 30 желтоқсанға дейінгі кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Мектеп директорының м.а. 2022ж. 30.12 № 410 бұйрығымен құрылған жұмыс тобы келесі бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді:

1. Бөлімшенің қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Өз қызметінде «Ғабит Мүсірепов атындағы №43 орта мектеп» КММ Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңын, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, мектеп Жарғысын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық және заңға тәуелді актілерін және мектептің ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша әкімшілік-басқару персоналының өз қалауы бойынша шешімдер қабылдауына ықпал ететін, жеке тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде кедергілер жасауға ықпал ететін, нормативтік актілерді өз бетінше түсіндіруге мүмкіндік туғызатын құқықтық олқылықтар белгіленбеген.

Дискрециялық өкілеттіктер мен нормалардың болуы белгіленбеген.

1. Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Персоналды басқару

«Ғабит Мүсірепов атындағы № 43 орта мектеп» КММ штат кестесі бойынша 65,3 бірлік әкімшілік-техникалық персонал және 88,5 бірлік педагогикалық құрам қарастырылған.

Мониторинг сәтіндегі жағдай бойынша тізімдік құрамның жалпы саны 111 адам, оның ішінде 65 - педагог, 33-техникалық және қызмет көрсетуші персонал, 9-бала күтімі бойынша демалыста, 1 - бос орын, 4 - қоса атқарушы.

Қолда бар бос жұмыс орны туралы ақпарат ай сайын Білім бөліміне беріледі.

Қызметкерлерді басқару мәселесі бойынша талдау барысында 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 30 желтоқсанға дейін 18 қызметкер (7 - педагог, 11-техникалық қызметкердің адамы) атқаратын лауазымынан өз еркімен босатылғаны анықталды.

Шарт мерзімі өткеннен кейін 3 қызметкер (3 негізгі қызметкер) атқаратын лауазымынан босатылды. Теріс себептермен жұмыстан шығарылған қызметкерлер болған жоқ.

Аталған кезеңде 18 қызметкер (5 педагог және 13 техникалық қызметкер) қабылданды. Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық пен қылмыстық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері талданатын кезеңде анықталған жоқ. Сотталмағандығы туралы анықтама барлығында бар.

Көрсетілген кезеңде 6 ай мерзімге 8 тәртіптік жаза (ескерту және сөгіс) болды.

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 30 желтоқсанға дейінгі кезеңде 24 педагог біліктілікті арттыру курстарында оқудан өтті. Педагогтердің біліктілігін арттырудан өту мерзімдері аттестаттаудың және курстық қайта даярлаудың перспективалық жоспарларымен регламенттелген, ҚР Білім беру саласындағы заңнамасының негізінде және оған сәйкес жүзеге асырылады.

Прокурорлық қадағалау актілері, сот актілері өткізілмеді.

Қолданыстағы заңнаманы бұзу мәселелері бойынша азаматтардың өтініштері және қарастырылып отырған кезеңде қызметкерлердің әрекеттеріне шағымдар түскен жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарында «Ғабит Мүсірепов атындағы №43 орта мектеп» КММ мен ұйым қызметкерлерінің атына теріс жарияланымдар болған жоқ.

Қызметкерлердің басшымен немесе оның орынбасарларымен үлестес болу фактілері, қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдардың бұзылуы анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету

Мектеп ұйымы мемлекеттік қызметтің 8 түрін көрсетеді:

1) «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау»

Оған сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 30 желтоқсанға дейін мектепалды даярлық сыныбына қабылдау үшін 25 адам жүгінген.

2) «Денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау»

Оған сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 30 желтоқсанға дейін 12 адам өтініш жасаған.

3) «Бастауыш, негізгі, орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау»

Оған сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 30 желтоқсанға дейін 130 адам өтініш жасаған.

4) «Жалпы білім беретін мектепте білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну»

Оған сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 30 желтоқсанға дейін 98 адам өтініш жасаған.

5) «Қала сыртындағы үйлер мен мектеп жанындағы лагерьлерде аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға демалыс беруге құжаттар қабылдау және жолдамалар беру»

Қарастырылып отырған кезеңде бұл мемлекеттік қызмет көрсетілмеді.

6) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне және оларға теңестірілген тұлғаларына біліктілік санаттарын беруге (растауға) аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау»

Оған сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 30 желтоқсанға дейін 4 педагог қызметкер өтініш білдірді («педагог-сарапшы» санатын беруге 2 өтініш, «педагог-модератор» санатын беруге 2 өтініш).

«Педагог-модератор» санатын беруге арналған мемлекеттік қызметтер egov.kz. «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы, «педагог-сарапшы» санатын беруге ЖАО кеңсесі (Петропавл қаласының білім бөлімі) арқылы жүзеге асырылды.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша бұзушылықтар жоқ.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттері көрсетілетін қызметті берушілердің стандартына және нақты көрсету процесіне сәйкес келеді.

7) «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру»

Оған сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 30 желтоқсанға дейін 2 адам өтініш жасаған.

8) «Балаларды жалпы білім беретін мекемелер арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау».

Оған сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 30 желтоқсанға дейін 57 адам өтініш жасаған. Құжаттарды қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру стандартқа сәйкес көрсетілетін қызметті беруші (мектеп) арқылы қағаз нұсқада жүзеге асырылды.

КММ-де мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қосымша құжаттарды талап ету фактілері анықталған жоқ.

Қарастырылып отырған кезеңде азаматтар мен заңды тұлғалардың қолданыстағы заңнаманы бұзу мәселелері бойынша өтініштері, қызметкерлердің әрекеттеріне шағымдар түскен жоқ.

Мектептің мемлекеттік қызметтері туралы ақпарат мектептің бірінші қабатында және мектептің сайтында екі тілде орналастырылған.

Мүдделер қақтығысын реттеу

«Ғабит Мүсірепов атындағы № 43 орта мектеп» КММ бекітілген Мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 30 желтоқсанға дейін мемлекеттік сатып алу өткізілді:

- баға ұсыныстарын сұрату әдісімен-61;

- Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен-13.

Тікелей қорытынды әдісімен сатып алуды жүргізу кезінде өнім берушілердің баға ұсыныстары таңдау үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 ж. 04.12 № 434-V Заңының, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 ж. 11.12 №648 бұйрығының нормаларына сәйкес жүргізіледі.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу электрондық түрде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүргізіледі. Шарттар жасасудың электрондық форматы веб-порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша толық және шынайы ақпаратты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 5-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар айына екі реттен артық жүргізілмейді.

2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 5-бабы 3), 6) және 7) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, барлық шарттарға қол қойылды, қысқа мерзімді орындалды, ұзақ мерзімді (қызметтер) орындалды.

Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде бұзушылықтарға жол берілмеді. Мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізу кезінде аффилиирлену фактілері анықталған жоқ.

Мекемеде рұқсат беру, бақылау функциялары жоқ.

Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау, сыбайлас жемқорлық көріністеріне теріс көзқарасты қалыптастыру мақсатында «Ғабит Мүсірепов атындағы №43 орта мектеп» КММ ұжымында кешенде мынадай іс-шаралар өткізіледі:

- 1-11 сынып оқушылары мен ата-аналары арасында Құқықтық жалпыға бірдей оқыту жүргізіледі;

- «Ғабит Мүсірепов атындағы № 43 орта мектеп» КММ-нің 2020 ж. 22.09 № 197 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту туралы» бұйрығы шығарылды, онымен әр оқу жылының басында танысу жүргізіледі;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары әзірленді;

- мектепте сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу жөніндегі комиссия құрылды (2022 ж. 01.09 № 257 бұйрық);

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құрылды (2022ж. 01.09 №263 бұйрық);

- Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай бекітілген жоспарға сәйкес іс-шаралар өткізіледі;

- «Адал Үрпақ» ерікті мектеп клубы жұмысын жалғастыруда.

Азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа бағытталған заңсыз әрекеттеріне шағымдану үшін лауазымды тұлғалардың электрондық пошта мекенжайлары,

сенім телефондарының нөмірлері мектеп фойесінде және мектеп сайтында ақпараттық стендтерде орналастырылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды одан әрі күшейту, оның тиімділігін арттыру мақсатында:

- ✓ Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің, мүдделер қақтығысының жоғары аймақтарына жататын қызметке тұрақты ішкі бақылау мен аудитті жүзеге асыру.
- ✓ Педагогикалық ұжымда адал еңбек культін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, оқушылар мен ата-аналар ұжымдарында сыбайлас жемқорлыққа «нөлдік» төзімділікті қалыптастыру.
- ✓ Қолданыстағы заңнаманы және оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру бойынша жалпыға бірдей құқықтық оқыту сабақтарын өткізу.
- ✓ Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушымен тікелей байланыс қаупін болдырмау мақсатында электрондық мемлекеттік қызметтерді танымал ету бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдары бар талдамалық анықтама сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысына қарау үшін шығарылады.

«Петропавл қаласының білім бөлімі» КММ «Ғабит Мүсірепов атындағы №43 орта мектеп» КММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары белгіленген тәртіппен «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Петропавл қаласының білім бөлімі» КММ «Ғабит Мүсірепов атындағы №43 орта мектеп» КММ интернет-сайтында орналастырылатын болады.

Келісілді:

Жұмыс тобының мүшелері:

| | | |
|--|-------|------------------|
| Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары | _____ | Н.В.Уварова |
| Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары | _____ | О.А. Елманова |
| Директордың бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары | _____ | Е.Г.Шарапова |
| Директордың ӘШБ жөніндегі орынбасары | _____ | Н.А.Кокоулина |
| Әлеуметтік педагог: | _____ | Н.А.Трапезникова |
| Бас бухгалтер | _____ | Е.В.Иовлева |
| Іс жүргізуші | _____ | Л.А.Бутырская |